



БҰЙРЫҚ

2018 ж. 7 тамыз

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

486

город Астана

Ана өлімін төмендету және оның алдын алу бойынша өңірлерге әдістемелік және практикалық көмекті көрсетудің кейбір мәселелері туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ана өлімін төмендету және оның алдын алу бойынша өңірлерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету үшін республикалық медициналық ЖОО-лар бекітілсін.

2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 95-бабының талаптарына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтау басқармалары (келісім бойынша) көмек көрсету үшін медициналық ЖОО-ларды тартуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы

А. Цой

**Ана өлімін төмендету және оның алдын алу бойынша өңірлерге
әдістемелік және практикалық көмекті көрсету үшін республиканың
медициналық ЖОО-ларын бекіту**

- | | |
|---|--|
| «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі-ШЖҚ РМК) | - Алматы, Маңғыстау облыстары, Алматы қаласы |
| «Астана медицина университеті» акционерлік қоғамы (бұдан әрі- АҚ) | - Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары, Астана қаласы |
| «Қарағанды мемлекеттік медицина университеті» ШЖҚ РМК | - Қарағанды, Қостанай облыстары |
| «Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті» ШЖҚ РМК | - Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары |
| М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті» ШЖҚ РМК | - Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе облыстары |
| «Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті» АҚ (келісім бойынша) | - Жамбыл, Қызылорда облыстары |
| «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (келісім бойынша) | - Түркістан облысы, Шымкент қаласы |